

Сақтандыру портфелін беру қағидаларын және сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі занды күшіне енген күннен бастап, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын консервациялау немесе лицензиясынан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйимдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 29 қарашадағы № 171 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 5 қантарда № 6722 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 303 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 303 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т у і !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2000 жылғы 18 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйимдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасы (бұдан әрі – Агенттік) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру портфелін беру қағидаларын және сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі занды күшіне енген күннен бастап, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын консервациялау немесе лицензиясынан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктері бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналар:

1) Агенттік Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы "Сақтандыру портфелін беру ережесін бекіту туралы" № 86 қаулысының (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4209 тіркелген);

2) Агенттік Басқармасының 2008 жылғы 26 ақпандағы "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы "Сақтандыру портфелін беру ережесін бекіту туралы" № 86 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 22 қаулысының (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5176 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. 2012 жылғы 1 қаңтарда енгізілетін осы қаулының қосымшасындағы 9-тармақтың екінші бөлігін қоспағанда, осы қаулы алғаш ресми түрде жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

4. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаментіне (Д.Ш.Қарақұлова):

1) Заң департаментімен (Н.В.Сарсенова) бірігіп, осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуіне қатысты шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, "Кепілдендірілген сақтандыру коры" Акционерлік қоғамына, "Қазақстан қаржыгерлері қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

5. Агенттік төрайымының қызметі (А.А. Кенже) Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулының жариялануы бойынша шаралар қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ә. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
агенттігі Басқармасының  
2010 жылы 29 қарашадағы  
№ 171 қаулысымен бекітілген

**Сақтандыру портфелін беру қағидаларын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі занды күшіне енген күннен бастап, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау немесе лицензиясынан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктерін бекіту туралы**

**Ескерту.** Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сақтандыру портфелін беру қағидаларын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі занды күшіне енген күннен бастап, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау немесе лицензиясынан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктері (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Занына (бұдан әрі – Зан) сәйкес әзірленген және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру портфелін беру тәртібін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі занды күшіне енген күннен бастап, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау немесе лицензиясынан айыру кезінде сақтандыру портфелін беру тәртібі және сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктерін айқындайды.

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі түсініктер:

сақтандыру портфелін беру – сақтандыру ұйымына (уақытша әкімшілікке (уақытша басқарушы), тарату комиссиясына) шарт (шарттар) негізінде бір немесе бірнеше сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, осы сақтандыру ұйымының сақтанушыларымен жасалған сақтандыру шарттарының барлығы немесе бір бөлігі негізінде туындаған құқықтар және міндеттерді беру;

сақтандырушы-алушы - сақтандыру портфелін қабылдайтын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;

әлеуетті сақтандырушы-алушы - сақтандыру портфелін қабылдауға мүдделілік танытқан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;

уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган.

**Ескерту.** 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.07.2013 № 202 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.07.2013 № 202 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 2 тарау. Сақтандыру портфелін беру

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шарттары бойынша құқықтары мен міндеттерін беру (қабылдау) құқығы (міндеті) бар кез келген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (бұдан әрі – сақтандыру ұйымы) бастамасы бойынша жасалған сақтандыру шарттары бойынша міндеттерді аудару осы Тарауға сәйкес сақтандыру портфелін беру үшін негіз болып табылады.

Сақтандыру ұйымы сақтандыру портфелін беру туралы шартты ерікті түрде тарату туралы шешімді қабылдағанға дейін кез келген уақытта жасай алады.

Сақтандыру портфелін консервация сатысындағы немесе сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енгенге дейін беру сақтандыру ұйымының уақытша әкімшілігімен, ал сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енгеннен кейін – сақтандыру ұйымының тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

5. Сақтандыру ұйымын сақтандыру портфелін беру шартын жасауда мәжбүрлеуге жол берілмейді.

6. Заңның 37-1-бабының 5-тармағында, 54-1-бабының 4-тармағында, 69-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру портфелін беру сақтанушылардың келісімі болған жағдайда жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.05.2015 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. Сақтандыру портфеліне енгізілетін және Заңның 37-1-бабының 3-тармағымен белгіленген талаптарға сәйкес сақтандыру шарттары берілетін сақтандыру сыныптарын жүзеге асыруға лицензиялары бар сақтандырушыға (сақтандырушыларға) сақтандыру портфелі беріледі.

8. Сақтандыруши сақтандыру портфелін қабылдауды сақтандырушының уәкілетті органының тиісті шешімі негізінде жүзеге асырады.

9. Сақтандырушының сақтандыру портфелін беруіне мынадай:

сақтандыру портфелін қабылдайтын сақтандыруши-алушы оны қабылдау кезінде пруденциялық нормативтер бойынша және қабылданатын сақтандыру портфелін есепке ала отырып, нормалар мен лимиттерді қадағалауға қатысты өзге міндетті талаптарды қадағаламаған;

Заңның 37-1-бабының 5-тармағында, 54-1-бабының 4-тармағында, 69-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыны ауыстыруға сақтанушылардың келісімі болмаған;

сақтандырушы-алушының сақтандырудың қабылданатын сыныбы (сыныптары) бойынша лицензиясы болмаған;

сақтандыру ұйымының берілетін сақтандыру портфелі бойынша міндеттемелерді (сақтандыру резервтерін) өтеуге жеткілікті активтері болмаған жағдайларда жол берілмейді.

Берілетін портфель бойынша міндеттемелердің (сақтандыру резервтерінің) мөлшерін бағалауды тәуелсіз актуарий жүзеге асырады.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.05.2015 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Ереженің 9-тармағының бесінші абзацындағы ереже сақтандыру портфелін Заңның 69-1-бабына сәйкес беру жағдайына тарапмайды.

11. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді беру осы шарт бойынша сақтандыру ұйымының борышкерлері немесе кредиторларының олармен байланысты құқықтары немесе міндеттемелерін бір мезгілде беру арқылы жүргізіледі. Осы сақтандыру шартынан туындаған тек құқықтарды немесе тек міндеттерді беруге болмайды.

12. Бір сақтандыру шартынан сақтандыру міндеттемелерінен басқа, өзге де міндеттемелер туындаған жағдайда, онда сақтандыру ұйымының құқықтары мен міндеттерінің берілуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өзге міндеттемелер бойынша оның құқықтары мен міндеттерін бір мезгілде беру арқылы жүзеге асырылады.

13. Сақтандыру шарттары бойынша құқықтар мен міндеттерді беруімен бір мезгілде қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру портфелін беретін сақтандыру ұйымының - қайта сақтанушының құқықтары мен міндеттерін беруі мүмкін.

Егер қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру портфелін беретін сақтандыру ұйымы - қайта сақтанушының құқықтары мен міндеттері бір мезгілде оның қайта сақтандырылған сақтандыру шарттарынан туындаған құқықтары мен міндеттері берілмеген жағдайда, сақтандыру ұйымы - қайта сақтанушы қайта сақтандыру объектісі толық немесе ішінара жойылғаны туралы хабарлайды.

14. Сақтандыру портфелін беру кезінде сақтандыру шарттарын беру бойынша сақтандыру ұйымының құқықтары мен міндеттері сақтандырушыға сақтандыру портфелін беру кезінде болатын сол көлемде және сол талаптарда көшеді.

Сақтандырушы - алушының сақтандыру портфелін беру туралы шартта көрсетілген сақтандыру шарттары бойынша құқықтар мен міндеттері оған

көшкен кезден бастап, барлық тоқтатылмаған құқықтарға ие болады және берілетін сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап туындаған сақтандырушы ұйымның тоқтатылмаған міндеттеріне жауап береді.

15. Сақтандыру ұйымы басқа сақтандырушыға (сақтандырушыларға) сақтандыру портфелін бергенге дейін осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес берілетін сақтандыру портфелінің құрамына енгізілетін сақтандыру шарттарының тізімін (бұдан әрі - Тізім) жасайды. Шарттардың тізімі сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының Тізілімінде мәліметтері негізінде қалыптастырылады, оның тізбесі Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыруға қойлатын, оның ішінде сақтандыру нарығына қатысушылармен өзара қарым-қатынасы бойынша талаптардың 5-1 тармағында және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 25 қаулысымен (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 6164 тіркелген) бекітілген сақтандыру агентінің делдалдық қызметті жүзеге асыру өкілетінде белгіленген.

Шарттардың тізімі оның құрамында бар ақпаратты өзгерту немесе жаңасын алуына қарай жаңартылуы тиіс (шартты бұзу, сақтандыру шартын беруге сақтанушыдан келісім алу немесе бас тарту, сақтандыру жағдайы туралы өтініш алу, сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеуі, жүзеге асырылған сақтандыру төлемі және басқа да ақпараттардың өзгерістері).

16. Шарттардың тізімін жасағаннан кейін сақтандыру ұйымы, уақытша басқарушы, уақытша әкімші, тарату комиссиясы әрбір сынып және (немесе) әрбір сақтандыру шарты бойынша сақтандыру резервтерінің мөлшерін алдын ала есептейді. Берілуі болжанатын сақтандыру міндеттемелеріне сәйкес келетін әрбір сынып және (немесе) әрбір сақтандыру шарты бойынша сақтандыру резервтерінің құрамына:

еңбек сінірлімеген сыйлықақы резерві;

орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың сақтандыру сыныбы бойынша еңбек сінірлімеген сыйлықақының жиынтық резервінде сақтандыру шарты бойынша еңбек сінірлімеген сыйлықақы резервінің үлесіне қарай есептелген резерві;

мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві енгізіледі.

Сақтандыру резервтері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9529 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2014 жылғы 6

мамырдағы № 76 қаулысымен бекітілген Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептеледі.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.05.2015 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Берілуі болжанған сақтандыру міндеттемелеріне сәйкес сақтандыру резервтерінің алдын ала мөлшерін айқындағаннан кейін сақтандыру ұйымы сақтандыру портфелімен бірге берілуі болжанып отырған активтердің тізбесін жасайды.

Активтердің тізбесі мыналарды қамтуы тиіс:

1) сақтандыру міндеттемелерінің берілуі болжанып отырған тиісінше сақтандыру резервтерінің алдын ала мөлшерінің шамасы;

2) сақтандыру портфелінің құрамында берілуге тиіс активтердің мөлшері, түрі және тізбесі (сақтанушының дебиторлық берешегі және басқа активтер);

3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 5331 тіркелген "Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысына (бұдан әрі – № 131 қаулы) сәйкес сақтандыру резервтерін жабуға қабылданатын активтерге сәйкес келетін активтердің мөлшері, түрі және тізбесі;

4) жеткіліксіз сомаға өзге активтердің мөлшері, түрі мен тізбесі және № 131 қаулыға сәйкес сақтандыру резервтерін өтеуге қабылданатын активтерге сәйкес келетін активтерге оларды ауыстыру түрлері (берілуі болжанып отырған сақтандыру міндеттемелеріне сәйкес сақтандыру резервтердің мөлшеріне қатысты № 131 қаулының талаптарына сәйкес сақтандыру резервтерін өтеуге қабылданатын активтерге сәйкес келетін активтер мөлшерінің жеткіліксіз жағдайда).

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.07.2013 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.05.2016 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен**

.

18. Сақтандыру портфелімен берілетін активтердің № 131 қаулыға сәйкесіздігінде, сақтандыру үйымы сәйкес келмейтін сақтандырушы-алушы қабылдамайтын активтерді ауыстыруға бағытталған қажетті іс-шараларды (сатып алу-сату, ауыстыру және басқа да операциялар) жүргізеді.

19. Нәкты сақтандыру шарты бойынша сақтандырушыны ауыстыруға қажетті келісім алу қажеттілігі бойынша сақтандыру үйымы әрбір осындай шарт бойынша сақтандыру портфелін беруімен бір мезгілде беруге жататын құжаттар жиынтығын құрастырады.

20. Сақтандыру портфелінің құрамында сақтандыру шарттарын беруге сақтанушыдан келісім алу үшін мерзімі аяқталғаннан кейін сақтандыру үйымы Шарттың тізімге тиісті өзгерістер енгізеді және сақтандыру портфелін беру туралы шартты дайындауды және оның талаптарын сақтандырушы-алушымен бірге келісуді бастайды.

21. Сақтандыру портфелін беру туралы шартты жасағаннан кейін сақтандыру үйымы сақтандырушы-алушыға сақтандыру портфелін беру туралы шартта тараптар келісілген мерзімде, тәртіpte және талаптарында сақтандыру портфеліне жататын барлық құжаттарды, тиісті сақтандыру міндеттемелеріне берілетін сақтандыру резервтерінің мөлшеріндегі активтер, сақтандыру портфелін беру туралы шарт талаптарына сәйкес ақпарат және басқа мәліметтер мен құжаттарды береді.

22. Берілген сақтандыру портфеліне енгізілген құқықтар мен міндеттердің көшу кезінен бастап сақтандыру портфелін қабылдаған сақтандырушы-алушы берілген сақтандыру портфелі бойынша барлық құқықтарды иеленеді және міндеттерге жауап береді. Сақтандыру үйымы сақтандыру портфелін беру туралы шартта тараптармен келісілген талаптарда сақтандырушы-алушыға сақтандыру портфелін бергеннен кейін сақтандыру портфелін берген сақтандырушыға келіп түсken барлық құжаттар мен ақпаратты береді.

23. Сақтандыру үйымы берілетін сақтандыру портфеліне сәйкес сақтандыру резервтерінің мөлшерін есептеу үшін сақтандыру портфелін беру күніне актуарийді тартады. Сақтандырушы-алушы сақтандыру резервтерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру дұрыстығын тексеру үшін актуарийді тартуы мүмкін.

Сақтандыру үйымын мәжбүрлеп тарату кезінде сақтанушыларға (сақтандырылғандар, пайда алушылар) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдеме беретін үйым өткізетін сақтандыру үйымына және сақтандырушы - алушының актуарийлерінің есептеуді бағалау үшін актуария тартуы мүмкін.

**3-тарау. Сақтандыру үйымының ерікті тәртіpte беретін сақтандыру портфеліне енгізілетін құқықтар мен міндеттерді беруге сақтанушының келісімі**

24. Сақтандырушыны ауыстыруға сақтанушының келісімін алу үшін сақтандыру ұйымы сақтанушыға осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес жазбаша сұрату жібереді.

25. Сақтандыру портфелін беру туралы шарттың мазмұнында қайта сақтандырушыны (қайта сақтанушыны) ауыстыруға қайта сақтанушының (қайта сақтандырушының) келісімі туралы ереже болған және оған қайта сақтандырушы (қайта сақтанушы) қол қойған жағдайда қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушыны (қайта сақтанушыны) ауыстыруға қайта сақтанушының (қайта сақтандырушының) келісімі алынды деп есептелінеді.

26. Сақтандырушыны ауыстыруға сақтанушының келісімі туралы сұрату мазмұнында олар жауап беруге тиісті күні бар. Сақтандырушыны ауыстыруға келісім туралы сұрату адресаттың өз қолына қолхатпен немесе сұратудың дерегін және алған күнін растайтын өзге де тәсілмен берілуі мүмкін.

27. Сақтандырушыны ауыстыруға келісімі туралы сақтанушыларға берілетін сұратуында сақтандырушы олардың сақтандырушыны ауыстырудан және сақтандыру шартының мерзімін ұзартудан бас тартуға құқығын түсіндіреді. Сақтанушы алдыңғы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру шартының мерзімін ұзарту бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда, мерзімі ұзартылған шарт оған қойылатын талаптарды ескере отырып, берілетін сақтандыру портфеліне енгізілуі мүмкін.

28. Сақтандырушы-алушының сақтандыру ережесі сақтандыру портфелінің құрамында берілетін сақтандыру шарттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, сақтандырушыны ауыстыруға келісімі туралы сұратуымен бір мезгілде сақтанушыға шарттың талаптары өзгеруіне және (немесе) сақтандырудың жаңа ережелеріне оферта жіберіледі.

29. Сақтандырушыны ауыстыруға келісімі туралы сұратуымен бір мезгілде сақтандыру ұйымы сақтанушыларды сақтандыру портфелін беру болжанған күні туралы хабардар етеді.

Сақтандыру портфелін бергеннен кейін сақтандыру ұйымы сақтанушыларды сақтандыру портфелін беру болған күні туралы хабардар етеді және оған сақтандыру портфелін қабылдаған сақтандырушы туралы ақпаратты хабарлайды (мекенжайы, телефондары, Қазақстан Республикасындағы сақтандырушының екілдері туралы ақпаратты, олардың жұмыс уақыты туралы және сақтандыру шарты бойынша олардың құқықтары мен міндеттерін бұдан әрі іске асыру үшін қажетті басқа ақпаратты).

Сақтандырушы сақтанушыға сақтандырушыны ауыстыру болғаны туралы хабарлайды және көрсетілген ақпаратты бұқаралық ақпарат қуралдарында жариялау арқылы жаңа сақтандырушы туралы ақпаратты жібереді.

30. Сақтандыру үйимы сақтанушылар сақтандырушыны ауыстырудан бас тартқан жағдайда, сақтандыру шарттарын бермейді.

31. Сақтандыру үйимы сақтанушыдан сұратуда көрсетілген мерзімде сақтандыру шартындағы сақтандырушыны ауыстыруға келісімі немесе бас тарту бар жазбаша жауабын алмаған жағдайда, келісім алынбады деп есептелінеді. Сақтандыру үйимы осындай сақтандыру шартын берілетін сақтандыру портфеліне енгізбейді.

32. Сақтандырушыны ауыстыруға келісімі туралы сұратуымен бір мезгілде сақтанушыға шарттың талаптары өзгеруіне және (немесе) сақтандырудың жаңа ережелеріне оферта жіберілген болса, ал сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуден бас тартқан жағдайда, онда сақтандырушыны ауыстыруға сақтанушының келісімі алынбады деп есептелінеді.

33. Сақтандыру портфелін беру мүмкіндігі сақтанушыдан сақтандыру портфелін беруге келісімі алынбаған себебінен барлық жағдайларда сақтандыру міндеттемелерде тұлғаларды ауыстыру жүргізілмейді және осы шарт оның тараптарына және өзге қатысушыларға (сақтандырушыға, сақтанушыға, өзге кредиторға (пайда алушыға) және шарттың басқа да қатысушыларына) қатысты одан әрі қолданыста болады.

34. Заңның 37-1-бабының 2-тармағымен немесе шартпен көзделген жағдайда, сақтандыру портфелінің құрамына берілмеген сақтандыру шарты өзгертиледі, бұзылады немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта белгіленген тәртіппен және талаптарында өзге тәсілмен тоқтатылады.

35. Сақтандыру портфелінің құрамындағы қандай да болмасын сақтандыру шартын беру мүмкіндігі болмаған кезде, осы шартта сақтандырушыны ауыстыруға келісім берген сақтанушылар сақтандыру міндеттемесінде тұлғалардың ауыстырылмағаны туралы хабардар етіледі.

#### **4-тaraу. Сақтандыру портфелін беру туралы шарт**

36. Сақтандыру портфелін беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалады.

37. Сақтандыру портфелін беру туралы шарт мынадай:

1) берілетін сақтандыру портфеліндегі сақтандыру шарттары туралы;

2) сақтандыру портфеліне берілетін сақтандыру шарттарында көзделген құқықтары мен міндеттері туралы (төленбеген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, сақтандыру сыйлықақысын мерзімін кейінге қалдырып төлеуді немесе бөліп төлеуді ескере отырып төлеу мерзімі, сақтандыру сыйлықақысын төлеу мөлшері мен өткен мерзімі, жасалған сақтандыру төлемдері, жарияланған, бірақ реттелмеген шығындар);

3) сақтандыру шарттарын беру күні туралы;

4) берілетін сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды, сондай-ақ сақтандыру шартының орындалуын көрсететін құжаттарды (сақтандыру шарттарының түпнұсқалары, сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеуін растайтын құжаттары, сақтандырушы сақтандыру жағдайларын реттеу кезде жинаған құжаттарды, сондай-ақ сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды растайтын құжаттаманы, реттелмеген сақтандыру жағдайлары бойынша құжаттарды) беру тәртібі мен мерзімдері туралы;

5) сақтандыру портфелін бергеннен кейін сақтандыру ұйымына келіп түскен берілген сақтандыру портфелі бойынша құжаттарды және ақпараттарды беру тәртібі мен мерзімдері туралы;

6) осы Ереженің 16-тармағына сәйкес сақтандыру портфелін беретін сақтандыру ұйымының және сақтандырушы-алушының актуарийлері есептеген және сақтандыру портфелін беру күніне лайықты сақтандыру шарттарына сәйкес берілетін сақтандыру резервтерінің мөлшері туралы;

7) берілетін активтердің мөлшері мен құрамы және оларды беру туралы мәліметтерден тұрады.

38. Сақтандыру ұйымына сақтандыру портфелін беру туралы барлық маңызды шарттың талаптары мәлім болған, оны беруге тиісті келісімдер алған және сақтандыру портфелін беруге қажетті өзге талаптар бұзылмаған жағдайда, сақтандырушы бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымына сақтандыру портфелін беру туралы шарт жасау ұсынысымен оферта жіберуі мүмкін.

Сақтандыру портфелін беру туралы шартты жасау ұсынысын сақтандыру ұйымы жария оферта арқылы жасауы мүмкін.

39. Сақтандыру ұйымы сақтандыру портфелін беруге ниет білдірсе, бірақ оған берілетін сақтандыру портфелінің құрамына енгізуге жататын құқықтар мен міндеттерінің түпкілікті көлеміне қатысты сақтандыру портфелін беру туралы шарттың барлық талаптары мәлім болмағанда, сақтандыру ұйымы және сақтандырушы - алушы сақтандыру портфелін беру туралы алдын ала шарт жасай алады.

Сақтанушы және сақтандырушы-алушы сақтандыру портфелін беру туралы алдын ала шартты бойынша болашақта сақтандыру портфелін беру туралы шартты (негізгі шарт) болашақта алдын ала шартта көзделген талаптарға сай жасауға міндеттенеді.

Алдын ала шарт жазбаша нысанда жасалады, онда шарттың мәнін белгілеуге мүмкіндік тудыратын жағдайлары, сондай-ақ тараптар шартты жасауға міндеттенетін мерзімін көрсете отырып, сақтандыру портфелін беру туралы шарттың басқа тараптарының жағдайлары болуы тиіс.

40. Сақтандыру ұйымының құжаттарын беру осы Ереженің З-қосымшасына сәйкес қабылдау-өткізу актісі бойынша беріледі.

41. Сақтандыру үйымы және сақтандырушы-алушының мөрімен куәландағылған берілген құжаттардың көшірмелері сақтандыру үйымында сақталады.

### **5-тaraу. Сақтандыру үйымын консервациялағанда, лицензиясынан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктері**

42. Уәкілетті органмен келісілген уақытша әкімшіліктің шешімі консервация сатысында немесе сақтандыру үйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енгенге дейін сақтандыру портфелін беруге негіздеме болып табылады.

43. Консервация сатысында немесе лицензиядан айыру кезінде сақтандыру портфелін беруді уәкілетті органмен келісімімен және сақтандыру шарттарын қамтамасыз етуге активтер жеткілікті болған жағдайда уақытша әкімшілік жүзеге асырады.

44. Сақтандыру үйымында консервация енгізуге байланысты тағайындалған уақытша әкімшілік:

1) отыз күнтізбелік күн ішінде сақтандырудың бір немесе біренеше сыныбы бойынша сақтандыру портфелін толық немесе оның бір бөлігін беру туралы шешімді қабылдайды;

2) сақтандыру үйымын лицензиядан айырған күннен бастап он жұмыс күн ішінде сақтандыру портфелін толық көлемде беру туралы шешім қабылдайды;

3) осы тармақтың үшінші абзацымен белгіленген сақтанушылардың жазбаша түрде қарсылық білдіруге арналған мерзімі аяқталған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде сақтандыру портфелін беруге келісетін сақтандырушылар тізімін қалыптастырады.

45. Сақтандыру портфелін беру туралы шешімді қабылдағаннан кейін мынадай ақпарат бере отырып, осы операцияны жүргізу туралы мәселені келісу үшін уақытша әкімшілік уәкілетті органға өтініш береді:

1) сақтандыру сыныптары мен объектілеріне бөлінген сақтандыру шарттары бойынша берілуі болжанатын міндеттердің мөлшері;

2) активтердің түрі, активтердің балансты (бар болса – бағаланатын) құны көрсетілген сақтандыру үйымының берілуі болжанған активтерінің мөлшері, олардың дебиторлық берешегі бойынша талап ету құқығын, сондай-ақ берілуі болжанған активтерге сақтандыру үйымының меншік құқығын растайтын құжаттамасы көрсетілген сипаттамасы;

3) сақтандыру портфелін беру туралы шарттың жобасы.

46. Уәкілетті орган қажет болған жағдайда уақытша әкімшіліктен сақтандыру портфелін берумен байланысты бар құжаттарды сұратады.

47. Уәкілетті орган он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде уақытша әкімшілікке сақтандыру портфелін беруді келіседі немесе келісуден бас тартады.

Сақтандыру портфелін беру мәселесін келісу туралы уәкілетті органның жазбаша жауабында сақтандыру портфеліне енгізілетін сақтандыру шарттары берілетін сақтандыру сыныптарын жүзеге асыруға берілетін лицензиясы бар сақтандырушылар туралы ақпарат көрсетіледі.

48. Уәкілетті орган консервация сатысындағы сақтандыру портфелін беру туралы шешімді келіскеннен кейін уақытша әкімшілік сақтандырушылардың келісімін алу мақсатында бес жұмыс күннен кешіктірмей алдағы сақтандыру портфелін беру туралы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қазақ және орыс тілдерінде таратылатын мерзімді баспасөз беттерінде қарсылықтарды беру тәртібі, мерзімі және сақтандырушылардың қарсылықтары қабылданатын мекенжайы көрсетілген хабарламаны жариялауды жүзеге асырады.

Сақтандырушылар сақтандыру шартын берумен келіспеген жағдайда, жазбаша қарсылықты хабарландыру жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде бермеуі, олардың сақтандыру шарттарын беруге келісіуі ретінде қарастырылады.

49. Консервация сатысында жұмыс істейтін уақытша әкімшілік сақтандырушылардың жазбаша түрде қарсылық беруіне арналған мерзім аяқталған күннен бастап, үш күнтізбелік күн ішінде, сақтандыру ұйымын лицензиясынан айырғанда жұмыс істейтін уақытша әкімшілік сақтандыру портфелін беруге уәкілетті органның келісімін алған күннен бастап, бес күнтізбелік күн ішінде сақтандырушыға берілетін сақтандыру Шарттарының тізімін құрастырады.

50. Уақытша әкімшілік жоғарыда аталған іс-шараларды жүргізгеннен кейін сақтандырушыларға Ереженің 52-тармағының талаптарына сәйкес қарау және бес жұмыс күнінен кешіктірмей жауапты беру мерзімімен сақтандыру портфелін қабылдау туралы ұсыныс-хат жібереді.

Бұл ретте хатта берілетін сақтандыру шарттарының болжалды көлемі көрсетіледі.

51. Сақтандыру шарттары және сақтандыру ұйымының активтері бойынша берілетін міндеттемелер бойынша құжаттамаларды әлеуettі сақтандырушы - алушылар алғанда қупиялықты сақтау және сақтандыру портфелін қабылдау мүмкіндігін қарауға байланысты алынған ақпаратты жария етпеу туралы келісімге (міндеттемеге) қол қояды.

Әлеуettі сақтандырушы-алушының сұратуы бойынша уақытша әкімшілік заңмен қорғалатын қупиядан тұратын мәліметтерді жария етпеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен бекітілген талаптарды қадағалаумен қосымша ақпарат береді.

52. Элеуettі сақтандырушы-алушы мынадай талаптарға сай болуы керек:

сақтандыру портфеліне енгізілетін, олар бойынша сақтандыру шарттары берілетін сақтандыру сыныптарын жүзеге асыруға берілген уәкілдегі органның лицензиясы болуы керек;

соңғы есепті күнге және алдағы қабылданатын сақтандыру портфелін ескере отырып пруденциялық нормативтерді орындауы керек;

өтініш беру кезінде уәкілдегі орган қолданған шектеулі ықпал ету шаралары және санкциялары қолданыста болмауы керек;

сақтандыру ұйымының клиенттеріне қызмет көрсетуге арналған филиалдары болуы керек.

53. Уақытша әкімшілік сақтандырушы-алушыны таңдайды.

54. Дебиторлық берешектер бойынша талаптардың берілетін құқығының құны балансты және баланстан тыс шоттардың есепте болатын берешек сомасы ретінде анықталады.

Сақтандыру портфелін беру кезінде сақтандыру шарттары бойынша активтердің құны мен міндептемелердің мөлшері уақытша және сақтандырушы-алушымен келісілген беру күні есептеледі.

55. Сақтандыру портфелін беретін сақтандыру ұйымы және сақтандырушы – алушы арқылы жүзеге асырылған, берілетін сақтандыру портфеліне енгізілген сақтандыру шарттары бойынша активтер құнын және міндептемелер көлемін есептеудегі келіспеушіліктер болған жағдайда, уақытша әкімшілік бағалауышының актуариясын қарастырады.

56. Сақтандыру портфелін беру сақтандырушы ұйымының сақтандырушы-алушымен жасалған шарты негізінде жүзеге асырылады.

57. Сақтандыру ұйымының уақытша әкімшілігімен және сақтандырушы-алушының арасында қосымша мынадай мәліметтері бар қабылдау-өткізу актісі ресімделеді, онда мынадай мәліметтер көрсетілген:

1) сақтандыру шарттары бойынша берілетін міндептемелер көлемі, сақтандырушының тегі, аты, бар болса әкесінің аты көрсетілген сақтандыру шарттарының тізбесі, сақтандыру шарты жасалған күн және оның нөмірі, шарттың қолданылу мерзімі, сақтандыру мерзімі, сақтандыру объектісі, сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысының мөлшері;

2) атауы, инвентарлық нөмірі, баланстық (бар болса бағаланған) құны, сақтандыру ұйымының құқығын растайтын құжаттар көрсетілген сақтандыру ұйымының берілетін активтерінің мөлшері, тізбесі және түрлері;

3) дебиторлардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), атауы, дебиторлық берешектің сомасы ескерілген шоттардың нөмірі, берешектің туындауына негіздеме көрсетілген дебиторлық берешек бойынша талаптардың берілетін құқығының құны мен тізбесі;

4) берілетін құжаттар (шарттар, куәліктер мен басқа да құжаттар).

58. Сақтандыру ұйымының уақытша әкімшілігі сақтандыру портфелін беру туралы шарт жасаған және қабылдау-өткізу актісіне қол қойған күннен бастап бір жұмыс күннің ішінде уәкілетті органға көрсетілген құжаттардың көшірмесін жібереді.

59. Уақытша әкімшілік сақтандыруши-алушымен бірге пресс-конференция жүргізеді және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастыруға арналған пресс-релизді уәкілетті органға береді.

60. Сақтандыруши-алушы сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде сақтандыру ұйымының уақытша әкімшілігі сақтандыру портфелін беруді жүзеге асыру туралы хабарламаны Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тарапатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялады.

Хабарламада:

- 1) сақтандыру портфелінің берілген күні;
- 2) сақтандыруши-алушының атауы және байланыс телефондары көрсетілген оның орналасқан жері туралы ақпарат бар.

## **6-тaraу. Сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп таратқанда сақтандыру портфелін берудің ерекшелігі**

61. Тарату комиссиясының сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап, мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы сақтандыру төлемдерін кепілдендіру жүйесіне енгізілген сақтандырудың кепілдірілген түрлері бойынша сақтандырушиның келісімінсіз сақтандыру портфелін беруді толық көлемде жүзеге асырады.

62. Сақтандыру портфелін беруді сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқсан құнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.

Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымын тарату комиссиясымен сақтандырудың және (немесе) қайта сақтандырудың кепілдендірілген түрлері жөнінде лицензиясы бар және оның (олардың) осы Ереженің 52-тармағымен бекітілген талаптарына сәйкес бір немесе бірнеше сақтандырушиға беріледі.

63. Сақтандыру портфелін беру сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп таратқанда сақтанушыларға (сақтандырылғандарға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдеме беретін ұйымның есебінен жүзеге асырылады.

64. Сақтандыру портфелін беру туралы шарт мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы, сақтандырушы-алушы және сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп таратқанда сақтанушыларға (сақтандырылғандарға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдеме беретін ұйым арасында жасалады.

65. Берілетін сақтандыру портфелінің құрамына:

1) сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндеттері басталған сақтандыру шарттары, олардың басталғандығы туралы мәлімделген және олар бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмаған немесе толық көлемде жүзеге асырылмаған;

2) сақтандыру шарттары тізілімінде және (немесе) мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының деректер базасында жоқ сақтандыру шарттары;

3) тараптары сақтандырушы-алушы (сақтандырушы, қайта сақтанушы, қайта сақтандырушы) болып табылатын сақтандыру шарттары енгізілмейді.

66. Тарату комиссиясы алушы-сақтандырушыны таңдау мен сақтандыру портфелін беруді осы Ереженің 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Мемлекеттің қатысуымен "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы мынадай жағдайларда:

- "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары осы Ереженің 52-тармағының талаптарына сәйкес келмегендे;

- әлеуетті алушылар-сақтандырушылардан "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін қабылдау ниеті туралы ұсыныстар болмағанда мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін қабылдайды.

**Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.07.2013 № 202 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

67. Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелі берілген (қабылданған) күннен бастап қабылданған сақтандыру шарттары бойынша туындаитын міндеттемелерді сақтандырушы-алушы атқарады.

Берілген сақтандыру шарттары онда белгіленген мерзім аяқталғанға дейін қолданыста болады.

Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтанушыларымен жаңа сақтандыру шартын жасаудың немесе мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтанушыларымен жасалған сақтандыру шартына өзгерістер енгізуіндегі қажеті жоқ.

68. Сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі занды күшіне енген күннен бастап, сақтанушылардың сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдеме беретін ұйым сақтандырушыға (сақтандырылғандарға, пайда алушыларға) берілетін мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін төлеу міндettемелерін өзіне қабылдайды.

Сақтандыру портфелін  
беру ережесіне  
1-қосымша

Нысан

## **Берілетін сақтандыру портфелінің құрамына енгізілетін сақтандыру шарттарының тізімі**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.05.2015 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

№	Сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) номірі	Сақтандыру шартының жасалған күні	Сақтанушының атауы не тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Сақтандыру сыныбы	Сақтандыру шартының күшіне енген және қолданылуының аяқталған күні	Сақтандыру сомасының мөлшері	Сақтандыру сыйлықақсызының мөлшері	Сақтастырылған сақтандыру шартының мөлшері

кестенің жалғасы

Сақтандыру төлемі (сақтандыру төлемдері)	Жүргізілген төлемінің (төлемдерінің) жүргізілген күн (күндер)	Жүргізілген төлемінің (төлемдерінің) төлеу мөлшерлері	Жүргізілген төлемінің (төлемдерінің) мөлшерлері	Сақтандыру төлемінен (төлемдерінен) бас тартқан күн (күндер)	Сақтандыру шартының мөлшері (мөлшерлері):		
					Сақтандыру төлемінен (төлемдерінен) бас тартқан күн (күндер) енбек сінірілген резерві	орын алған, бірақ мәлімделген шығындардың резерві	мәлімделген, бірақ реттелмелеген шығындардың резерві

Сақтандыру портфелін беру сәтінде сақтандыру ұйымына басшылық ететін тұлғаның қолы \_\_\_\_\_ (қойылған қолды ашып жазу)

Кол қойылған күн 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

Мөрдің орны (бар болса)

Ескерту:

Осы Тізімнің 10-16-багандары бойынша ақпарат сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап берілетін, сақтандыру портфеліне кіретін сақтандыру шарттары бойынша толтырылмайды.

Сақтандыру портфелін  
беру Ережесінің  
2-косымшасы

## **Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру үйымын ауыстыруға сақтанушылардың келісімі туралы сұрату**

Сіздерге \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сақтандыру шарты бойынша біздің құқықтарымыз беру міндеттеріміздің негізінде сақтандыру үйымы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ лицензиясы бар \_\_\_\_\_ сақтандыру үйымының сақтанушысы

(сақтандырушының атауы)

болып табыласыз.

Біздің көрсетілген құқықтарымыз беру міндеттеріміздің негізінде сақтандыру үйымы \_\_\_\_\_ көрсетілген

(сақтандырушының атауы)

сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы болады және оны бұдан әрі оның талаптарына сәйкес орындауды немесе оны орындауды мына жағдайларда жалғастырады \_\_\_\_\_

(өзгерілген жағдайларды көрсетіледі немесе

---

сақтандырудың жаңа ережелерін қоса беріледі)

Көрсетілген сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді беру үшін Сіздің жазбаша келісімізді алудымыз қажет.

Сіздің сақтандыру үйымын (сақтандырушыны) ауыстырудан бас тарту құқығыңыз бар.

Егер Сіз \_\_\_\_\_ сақтандыру үйымына сақтандырушыны ауыстырганнан кейін сақтандыру шартын өзгертуге келіспесеңіз, Сіздің, бұл сақтандырушыны ауыстырудан бас тартып отыргандығыңызды білдіретініне назар аударамыз.

Сізді мына төмендегі бағанды тандаған жауап нұсқасын V белгісімен белгілеп толтыруды және осы хатты 20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ кешіктірмей біздің мекен жайымызға жіберуіңізді өтінеміз.

---

(сақтандырушиның қарауы бойынша қосымша ақпарат көрсетіледі)

Мен, \_\_\_\_\_,

(сақтанушының тегі, аты, бар болса - әкесінің аты )

\_\_\_\_\_ сақтандыру үйымын сақтандырушиға ауыстыруға келісемін.

\_\_\_\_\_ сақтандыру үйымын сақтандырушиға ауыстыруға келіспеймін.

\_\_\_\_\_ сақтандыру шартын бұзуға келісемін

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

толтырған күні

Сақтанушының қолы

Ескерту:

1) сақтанушылардың сақтандыру бойынша сақтандыру үйымын ауыстыруға келісім беруін сұрату (бұдан әрі - Сұрату) сақтандыру үйымының бланкісінде толтырылады;

2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен сақтандыру шарттарын бұзу көзделсе, Сұратуда сақтандыру үйымын ауыстыруға келіспегендег мұндай шарттар бұзылатындығын көрсету керек.

Сақтандыру портфелін

беру Ережесінің

3-қосымшасы

## Құжаттардың қабылдау-өткізу актісі

Сақтандыру портфелін беру туралы \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Шарты бойынша

\_\_\_\_\_ қаласы \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

негізінде іс-әрекет ететін

(тегі, аты, бар болса тұлғаның әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (сақтандыру үйымының атауы) сақтандыру үйымы бұдан әрі "1-тарап" деп аталады

\_\_\_\_\_ (тұлғаның құзыретін анықтайтын құжаттың деректемелері)

арқылы, бір жағынан және \_\_\_\_\_

(тегі, аты, бар болса - тұлғаның әкесінің аты)

сақтандыру үйымы, негізінде іс-әрекет ететін \_\_\_\_\_

(сақтандыру үйымының атауы)

\_\_\_\_\_ (тұлғаның құзыретін анықтайтын құжаттың деректемелері)

арқылы, бұдан әрі "2-тарап" деп аталады екінші жағынан, бұдан әрі бірігіп "Тараптар" деп аталады да осы Сақтандыру портфелін беру туралы \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Тараптар арасында жасалған шарттың (бұдан әрі - Шарт) құжаттардың қабылдау-өткізу актісіне қол қою арқылы мыналарды:

1. Осы Актінің қосымшасына сәйкес 1-тарап құжаттарды бергенін, ал 2-тараптың қабылдағанын.

2. 2-тарап Осы Актінің қосымшасында көрсетілген құжаттардың тізбесіне талап-шағымы жоқ екенін.

3. Акт заң күші бірдей екі данада жасалғанын және оған қол қойылғанын.

4. \_\_\_\_\_ растайды  
(қосымша мәліметтер (бар болса)

1-тарап: 2-тарап:

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (қолы)

мөрдің орны мөрдің орны